«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# 2022-2023 оқу жылына
# САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

Университет сапа саласындағы саясатты жүзеге асыра отырып, 2022–2023 оқу жылына келесі мақсаттарды қояды:

– университеттің 2023–2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын қабылдау;

– университет топ-менеджментінің қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін (KPI) енгізу;

– білім беру бағдарламаларының дизайнын оңтайландыру, олардың өзектілігін және жұмыс берушілердің қажеттілігін қолдау;

– практик-мамандарды, шетелдік мамандарды, шетелдік жоғары оқу орындарының түлектерін оқу процесіне тарту;

– алыс және жақын шетелдердегі әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

– оқу және ғылыми зертханаларды жаңғырту және олармен байланысты инфрақұрылымды дамыту;

– бакалавриат пен магистратураның «Электр энергетикасы», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» және «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуді Инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігінде (ASIIN, Германия) өткізу;

– «Атамекен» ҰКП рейтингісінде ілгерілеу;

– халықаралық рейтингілерде алға жылжу: UI Greenmetric (Қазақстан бойынша топ-10), Webometrics (Қазақстан бойынша топ-30);

– Университеттің білім беру порталын одан әрі дамыту (оқу үдерісін ұйымдастыру, контингентті басқару модульдері, есептік деректер);

– электрондық кампус пен жаңа форматтағы кітапхананы әзірлеу және енгізу;

– білім берудің цифрлық контентін әзірлеу үшін бейнестудия негізінде Бұқаралық ашық онлайн-сабақ (БАОС) бағдарламасын іске қосу;

– еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG 2015) сапаны қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтардың талаптарын ескере отырып, ISO 9001:2015 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін және үнемі жетілдірілуін қамтамасыз ету;

– тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу, жұмыскерлерді ISO 31000:2018 «Тәуекелдерді басқару» халықаралық стандартының талаптарына оқыту;

– парақорлық, академиялық адалдық нормаларын бұзу жағдайларының алдын алу және анықтау бойынша шаралар қабылдау, жұмыскерлерді ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» халықаралық стандартының талаптарына оқыту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жүргізу;

– білім алушыларды қоғамдық өмірге тарту, олардың оқу процесін жүргізу әдістерін айқындауға және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуын жандандыру, волонтерлік, сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін барлық жағдай жасау;

– университеттің ұйымдық құрылымын жетілдіру және басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;

– университеттің әлеуметтік саясатын іске асыруда жұмыскерлер мен білім алушылардың кәсіптік одақтарының рөлін арттыру.

**Ректор** **С. Сагинтаева**